

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТИ МӘЖІЛІСІНІҢ

Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т

МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі

20 __ жылғы «__» _____

№ _____

010000, Астана, Мажиліс Парламента

«__» _____ 20 __ года

2023 жылғы 18 қаңтарда жарияланды

**Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
Орынбасары
А.С. Көлгіновке**

ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

Құрметті Алтай Сейдірұлы!

Мемлекет тарапынан мүмкіндігі шектеулі азаматтар үшін инклюзивті ортаны қамтамасыз етуге үлкен көңіл бөлінуде.

Мәжіліс депутаттары өңірлерге іс-сапар барысында әр санаттағы азаматтармен кездесіп тұрамыз. Ал, менің әлеуметтік парақшама осы айда мүмкіндігі шектеулі жандарға көмек көрсету бойынша жүздеген хаттар келді.

Олардың басты өтініші - мүмкіндігі шектеулі балаларды қолдау үшін мемлекеттік жәрдемақыны көбейту. Өтініш иелерінің ішінде толық емес отбасылар мен көп балалы аналарда бар.

2023 жылғы 1 қаңтардан бастап мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылардың мөлшері күнкөріс деңгейі шамасының өзгеруіне байланысты 8,5 пайызға арттырылады. Алайда инфляцияның өсуі бұл тиімділіктің барлығын жоққа шығарып отыр. Елімізде инфляция соңғы 14 жылда болмаған деңгейге жеткендігін және мұндай ахуал жұрттың табысына және әл-ауқатына кері әсерін тигізетіндігін Президенттің өзі Үкіметке жеткізген болатын.

Арыз-өтініште - дәрі-дәрмектер мен анализдердің және дәрігелердің қызмет көрсету бағаларының қымбаттауы қоса жазылған. Сондай-ақ, ауылда тұратын ақ жаулықты аналарымыз баласын емдету үшін жағдай жоқтығынан қала аралап, кабинеттерді жағалап кететіндігін көзіне жас алып, емірене жеткізді. Ал жақын орналасқан аудандарда қажетті мамандардың табылмайтыны тағы бар.

Ойды ой, сөзді сөз қуады дегендей мүмкіндігі шектеулі жолаушыларға тұрақты түрде отандық авиакомпанияларда ішкі және халықаралық ұшуларға жеңілдіктер қарастырылмаған. Бұл мәселе осыған дейін көп алаңдарда көтеріліп келеді. Алайда әлі бір шешімі табылған жоқ.

Қазақстан темір жолында 50% жеңілдік бар екенін атап өткім келеді. Неліктен осы тәжірбиені біздің авиакомпанияларымызда қолданбасқа?

Ия, соңғы жылдары мемлекеттік құрылымдар тарапынан ерекше қажеттіліктері бар адамдарды қолдау үшін бірқатар заңдар қабылданды. Алайда, іс-барысында басқа болып тұр.

Жоғарыда айтылған мәселелерді сайлаушылармен және ерекше қажеттіліктері бар азаматтармен кездесулердің қорытындысына сүйене отырып, Мемлекет Басшысының Жолдауларын іске асыру аясында келесі ұсыныстарды енгіземін:

1. Мүмкіндігі шектеулі жандарды қолдау үшін мемлекеттік жәрдемақыны көбейту;

2. Ауылдарда барлық қажетті медицина мамандарын тарта отырып, ерекше күтімді қажет ететін жандарға медициналық көмек ретінде айына бір рет толық тексеріс өткізу;

3. Ерекше күтімді қажет балаларды жергілікті атқарушы органдар тарапынан мемлекеттік немесе жеке бала-бақшаларға тегін, кезексіз орналастыру;

4. Мүмкіндігі шектеулі жолаушыларға тұрақты түрде отандық авиакомпанияларда ішкі және халықаралық ұшуларға 50 % жеңілдіктер қарастыру;

Қазіргі уақытта ерекше күтімді қажет балаларды қолдау үшін жүзеге асырылып келе жатқан қолдау шаралары мен қызметтер тұрақты мониторингтен өтіп, бағаланып отыруы қажет.

Осы депутаттық сауалды заңнамамен белгіленген мерзімде қарастыруыңызды сұраймыз.

**Құрметпен,
Қазақстан Республикасы
Парламент Мәжілісінің
депутаты, «АМАНАТ» партиясы
Фракциясының мүшесі**

Б. Торғаев